



EURASIAN
TECHNOLOGICAL
UNIVERSITY

Еуразиялық технологиялық университеті
Ғылыми кеңес отырысы
№ 10 хаттама

Алматы қ.

30 мамыр 2025 ж.

Ғылыми кеңестің төрағасы
Ғалым хатшы

Темербаева А.М.
Жүнісқалиев Т.Т.

Кворум бар.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жазғы семестрді ұйымдастыру туралы.
2. 2024 жылғы ЖОО түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу жұмыстарының нәтижелері және жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл туралы есеп.
3. Кәсіптік бағдар беру және имидждік жұмыстардың жүргізілу барысы туралы.
4. Университет магистратурасына Қазақстан жоғары оқу орындарының түлектерін тарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын профессор-оқытушылар құрамымен бірлесіп әзірлеу және оны іске асыруға қатысу туралы. өктемгі емтихан сессиясының қорытындылары.
5. Әртүрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-сұрақ бойынша

Академиялық мәселелер департаменті және Тіркеу офисі жазғы семестрді ұйымдастыру туралы ақпарат ұсынды. Баяндамада жазғы семестрді өткізу тәртібі, пәндерге тіркелу нәтижелері, академиялық қарыздарды жою және білім алушылардың жеке оқу траекторияларын жүзеге асыру мүмкіндіктері туралы мәліметтер қарастырылды. Сонымен қатар, жазғы семестрдің оқу процесін тиімді ұйымдастыруға бағытталған шаралар таныстырылды.

2-сұрақ бойынша

Мансап орталығы және мектеп декандары 2024 жылғы ЖОО түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу жұмыстарының нәтижелері және жұмыс

берушілермен өзара іс-қимыл туралы есеп берді. Есепте түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері, бос жұмыс орындары жәрменкелерінің нәтижелері, жұмыс берушілермен жасалған келісімдер және түлектердің еңбек нарығына бейімделуіне бағытталған іс-шаралар туралы ақпарат ұсынылды.

3-сұрақ бойынша

Қабылдау комиссиясы мен маркетинг бөлімі кәсіптік бағдар беру және имидждік жұмыстардың жүргізілу барысы туралы ақпарат ұсынды. Мектептер мен колледждерде өткізілген кездесулер, ашық есік күндері, көрмелер мен ақпараттық науқандардың нәтижелері баяндалды. Сонымен қатар, университеттің оң имиджін қалыптастыру және талапкерлерді тарту бойынша атқарылған жұмыстар қарастырылды.

4-сұрақ бойынша

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор және мектеп декандары университет магистратурасына Қазақстан жоғары оқу орындарының түлектерін тарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу туралы ақпарат ұсынды. Баяндамада магистратура бағдарламаларын насихаттау, өңірлік және республикалық деңгейде ақпараттық кездесулер өткізу, профессор-оқытушылар құрамының кәсіптік бағдар беру жұмыстарына қатысуын күшейту және әлеуетті талапкерлермен жүйелі жұмыс жүргізу мәселелері талқыланды.

5-сұрақ бойынша

Әртүрлі мәселелер аясында оқу үдерісін ұйымдастыру, академиялық адалдықты сақтау және алдағы іс-шараларды өткізу мәселелері қаралды.

ҰСЫНЫЛДЫ:

1. Жазғы семестрді ұйымдастыру туралы ақпаратты назарға алу, білім алушылардың академиялық қажеттіліктерін ескере отырып, оқу процесін сапалы ұйымдастыру және жазғы семестрдің тиімді өткізілуін қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қабылдау ұсынылды.

2. 2024 жылғы түлектерді жұмысқа орналастыру нәтижелері туралы есепті назарға алу, жұмыс берушілермен ынтымақтастықты одан әрі кеңейту, түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштерін арттыру және еңбек нарығының сұранысына сәйкес өзара іс-қимылды күшейту бойынша жұмыстарды жалғастыру ұсынылды.

3. Кәсіптік бағдар беру және имидждік жұмыстарды күшейту, талапкерлерді тартуға бағытталған ақпараттық-насихат іс-шараларын жүйелі түрде жүргізу, мектептермен және колледждермен байланыстарды кеңейту бойынша жұмыстарды жалғастыру ұсынылды.

4. Университет магистратурасына талапкерлерді тарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу, оны тиімді іске асыруды қамтамасыз ету және профессор-оқытушылар құрамының кәсіптік бағдар беру жұмыстарына белсенді қатысуын күшейту ұсынылды. Сонымен қатар, Қазақстан жоғары оқу

